

1994 жылдың 28 қаңтарынан бастап шығады

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси апталық*

# БІЗ ЗЕЙНОЛЛАНЫ МАҚТАМАЙТЫНБЫЗ, ІШТЕЙ МАҚТАНАТЫНБЫЗ

1927-28 жылдары дүниеге келген зиялылар – өртенге шыққан ұрпақ. Өйткені 30-жылдар басында алаш қозғалысына қатысқан азаматтар, кедей-кепшіктің бақыты үшін Кеңес өкіметінің шаңырағын көтеріп, іргесін бекіткен қайраткерлер 1937-38 жылғы қызыл қырғында саналы түрде құртылып, Отан соғысы жылдарында ақ жағалылары мүлдем сиреп қалған кезде талпынған жастарға қазақ мәдениетінің қинала жүріп өркендеуіне үлес қосып еді. Белдері майыса, қабырғалары қайыса жүріп едәуір істің басын қайырған болатын.

Мен өзіме өте таныс әдебиет әлемін, оның сыны мен ғылымын ғана өңгімелейін. Соғыс бітіп, жоғары оқу орындарына түскен, әдебиеттану саласында қалам қуатын байқауға ниеттенгендер бірқыдыру болды. Әуелінде КазПИ мен КазГУ-дің жігіттері, біраздан кейін ЖЕНПИ-дің қыздары қосылып, рухани дүниеміздің қадірін тануға асықтық. Біздер оқып жатқанда, 1942 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» деген зымиян қаулы алынды. Оның мән-мағнасын оқып, біліп отырсақ та сөз өнері әлемінен алыстай қоймадық. Тіпті осы қаулы ықпалымен ақын-жазушылардың шығармаларындағы ұлтшылдықпен күресуде Қажым Жұмалиев, Қайым Мұхаметханов сынды оқымыстылар ғылыми «қателіктері» үшін 25 жылға сотталып, Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, Әуелбек Қоңыратбаев сынды ұстазғалымдар алды басқа республикаларға, қалғаны Қазақстанның облыс, аудандарына қуылып жатқандарын көріп-біліп отырса да әдебиеттану саласынан қашпады. Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев,

Мүсілім Базарбаев, Баламер Сахариев, Айқын Нұрқатов сынды замандастарымыз газеттегі мақала, эсселерімен қабат мектеп оқулықтарының авторы да болды. Яғни орта және жоғары оқу орындарын оқу құралдарымен қамтамасыз ету, толымды білімге бастар өңірлерге барлау жасап, кейде құрғай бастаған бұлақтың көзін ашуға үлкен үлес қосқандардың нөқта иесі, көшбасшысы Зейнолла Қабдолов болып еді. Оған Қазақ университетінен, оның ішінде өзі өлердей жақсы көріп, ұстаз тұтқан Мұхтар Омарханұлы Әуезовтен алған үлгі-өнегесінің үстіне өзіне құдай берген дипломатиялыққа бейім мінез-қылығы, кімнің болса да жақсылығын көре білетін қасиеті, оның бәрін мөддіретіп айтып беретін шешендігі Зейнолланы тез есейтіп еді, зиялылар сапына ертерек қосып еді. Батысқа біткен бауырмалдықпен қоса Зейнолланың бойындағы орасан зор таланты талайларды тамсандырып, өзіне жақтас етіп алғанын көріп жүрдік.

«Үшқын», «Жалын» романдарымен, «Менің Әуезовім» эссесімен әдебиетімізге зейноллалық өрнек салып кеткен жандосымның қазақ әдебиеттану ғылымына кіріспе болған және жоғары оқу орындарының оқулығына айналған «Әдебиет теориясының негіздері», «Сөз өнері» кітаптары Зейнолланы әр кез еске алуға негіз болар еңбектер. Демек, Зейнолла қазақ ғылымында өзінің бадырайған ізін қалдырған оқымысты болғанын досы да, қасы да мойындайды. Осының өзі өртенге шыққан замандастары үшін үлкен демеу, мақтаныш. Оның мәтелге айналып кеткен сөзімен айтсам: «Біз Зейнолланы мақтамайтынбыз, іштей мақтанатынбыз».

**Өңгені қайдам, екі жыл бойы Зейнолла төсек тартып жатып алғанда өзімнің жалғызсырап қалғанымды ешкімнен жасырмай ашық айтып жүрдім. Кешегі Айқын Нұрқатов, Нығмет Ғабдуллин, Баламер Сахариев, Қаратай Құттыбаев, Мұқаш Сәрсекеев, Қажығұмар Қуандықов, Мүсілім Базарбаев, Қалжан Нұрмахановтардан көз жазып қалған ұрпақтың өкілі Серік Қирабаев кісі киіктеніп жүрсе, Рахманқұл Бердібаев өзінің Түркістанында жатып алып, анда-санда бір көрінсе, үйірінен адасқан құланға ұқсап қалады екенсің. Қазақтың «тең-теңімен, тезек қабымен» дегені қарапайым, данышпандығын еріксіз мойындайсың. Құдайым, кімге болса да жалғызсыраудың ауылын алыс қылсын!**

**Тұрсынбек КӘКІШЕВ,  
29.08.2006.**